



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

УДК 371.39:

## БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Сарсенова Акнур Жалғасбекқызы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
№22 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан

Калиева Батима Улыжбаевна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
№22 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан

Акмагамбетова Ляззат Аманболгановна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің  
№22 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
Spanova\_a@inbox.ru

### Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру мақсатына жетуде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету туралы жолдары, педагогикалық қолдаудың формулалары, ұйымдастыру жолдары және нәтижелері көрсетілген. Оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде, пайда болатын сұрақтар қарастырылған.

**Кілтті сөздер:** білім, оқу, психология, педагогика, қолдау, формулалар, көңіл-күй, проблемалар, сенім, қамқорлық.

### Аннотация

В данной статье описаны способы оказания психолого-педагогической поддержки обучающимся в достижении образовательных целей, формулы педагогической поддержки, методы организации и их результаты. Освещаются вопросы оказания психолого-педагогическую поддержку учащихся в достижении цели воспитания.

**Ключевые слова:** воспитание, обучение, психология, педагогика, поддержка, формулы, настроение, проблемы, доверие, забота.

### Abstract

This article describes the method of providing psychological and pedagogical support to students in achieving educational goals, the formula of pedagogical support, methods of organization and results.

The purpose of the work: to provide psychological and pedagogical support to students in achieving the goal of education, using formulas and their implementation.

**Key words:** education, training, psychology, pedagogy, support, formulas, mood, problems, trust, care.

Тәрбие процесінің нәтижелігі көбіне оған болған педагогикалық қолдаудың дұрыс ұйымдастырылуына тәуелді. Мұндай қолдау бүгінгі таңда төмендегідей қарастырылады:

- нақты адамға оның денсаулығымен психикалық қалпына, оқуына, тұрмыстық әрі кәсіби бой тіктеуіне кедергілердің алдын алу және нақты іс-әрекеттік көмек көрсету;
- адамның жеке басы ерекшеліктерінің орнығу процесін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық қызметтер;
- ауытқуға бейім қылық-әрекет қиыншылықтарын жеңуге бағытталған ықпалдасты әрекеттердің ерекше түрі;
- келеңсіз мінез әрекеттеріне бейім жас өспірімге нақты жекеленген жәрдем беру;
- баланы басшылықты жетекке алу;

- тәлім-тәрбие мекемесінің педагогикалық қолдау проблемасын өзінің өмірлік принципіне айналдыруы;

- балалардың өзін-өзі тану шартына айналып, оқу мен тәрбие шеңберін үйлестіруге бағытталған мұғалім мен оқушы ықпалдастығын күшейте түсу. [1, 187 б]

Педагогикалық қолдау – бұл : а) тәрбиеленуші сенімімен шығу:

б) көбіне педагогикалық қолдау қажеттілігін өзі сезбейді, бірақ оған мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшы жәрдемін беріп, қолдап – қуаттау. [1, 188 б]

Педагогикалық қолдау мәні: жайма-шуақ психологиялық жағдай жасау; тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына шарт-жағдайлар түзу ; өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалуға және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді бірлікті жеңіп бару; «жәрдем бер» деп алақаның ашық жайып отырғанға ғана емес, достық ықылас-ниетке мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету; әр қандай тәрбиешінің өмірдегі өз орнын табуға құштарлық білдірген тәрбиеленуші проблемарын өз назарында ұстай білуі; тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары-жылы лебіз; құлақ сала білу, қажет болса-кеңес беру; тәрбиеленушіге сенім ; оның құқығын қорғау; тәрбиешінің балаға болған қамқорлық қатынасы ; шәкірттің қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруден жалықпау және т.б.

Педагогикалық қолдау 1) тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді;

2) жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне , өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға арналған педагогикалық қолдаудың мазмұны – адамды алда көздеген нәтижелерден алшақтататын кедергілерді жеңу жолдарын қамтиды. Мұндай кедергілердің бірі субъектив (тұлғалық) «Мен» -кедергілер : өз бетінше дербес шешім қабылдауға қажет ақпараттың болмауы (ақпарат толықса, кедергі сол бойда жойылады); адамның қосымша еңбектенуінің қажеттілігі (қол ұшы жәрдем беріп, ыңтасын көтеру ); тұлғаны күйзеліске келтіретін кемшіліктер (тән –денелік, психикалық, ара-қатынастық); білім жіне тәжірибе жетіспеуі; [1, 194 б]

- объектив (әлеуметтік) «Олар» – кедергілер: (әлеуметтік орта –мұғалімдер, әкімшілік, дос-жарандар, құрбы-қатарлар, отбасы және басқалар).

- материалдық кедергілер (отбасының қаржылық жағдайы және т.б. )

Қазіргі кезде заман талабына сай оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырудың психологиялық құрамдары мен әдістері.

Оқыту мен дамудың өзара қарым – қатынасы барлық уақытта педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Я.А.Каменскийдің еңбегінен бастап, оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған, соның негізінде әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жасының даму үдерісіндегі өзгерістерін ескере отырып дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру басталған.

Тәрбиеленетін да, оқытылатын да адам абстрактілі емес. Ол барлық уақытта, әдетте, ұлттық сана мен өзіндік санасының, ұлттық танымының, сезімінің және еркінің ерекшелігін адамдардың басқа бір адамдармен өзара қарым-қатынастарындағы ұлттық келбетінің идеялық ерекшеліктері тән болатына қандайда бір ұлттың өкілі болып табылады.

Оқытудың барлық қатары оқушыларда түрлі деңгейделерде толықтырылған оқу жұмысының тәсілдерін қалыптастыру идеясына сәйкестендірілуі керек. [2, 200 б]

Психологияда тұлғалардың өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы перцепция деп аталады. Әр адам өзін тұлғааралық перцепция механизмдері арқылы басқа адамдардың көмегімен ғана біле алады. Мұндай психологиялық механизмдерге проекциялау, идентификация, эмпатия, аттракция, рефлексия, децентрация, стереотипизация, каузальді атрибуция, ореол әсері жатады.

Білім беру жүйесінің барлық буынында педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігі оқытушы мен ібілім алушыларды өзара әрекеттесуі мен өзара қатынас жасау деңгейлерімен анықталады. Сондықтан, оқытушының қарам-қатынасты тиімді ұйымдастыра алуы жоғары мектептегі де оқу-тәрбие іс-әрекетін жасампаздықпен жетілдіруге шарт болып табылады. [2, 201 б]

Жалпы білім беретін мектептің негізгі бағыттарының бірі дарынды балаларға оңтайлы дамытуға жағдай жасау, оның ішінде дарындылығы әлі байқалмаған балалармен, сондай-ақ дарындылық қабілеттерін тағы бір сатыға көтеруге мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс. Әрине, психологиялық-педагогикалық қолдау дарынды балалармен тиімді жұмыс жасаудың алғышарты болып табылады. Әлбетте, бұл педагогтің терең психологиялық білімі мен дағдыларына негізделуі керек. Сондықтан педагогикалық-психологиялық қолдауы педагог құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады:



- өзін-өзі бағалауды нығайту үшін тұлғаның жағымды аспектілеріне және баланың артықшылықтарына бағытталған іс-шаралар:

- сүйіспеншілікке негізделген тұлғааралық қарам-қатынас, өзара түсінік таныту, өзінің күшіне және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға көмектесу.

Педагогтар үнемі оқушылармен өзара әрекеттесу жағдайында балалардың мәселелерін байқап оларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алады. Эмоционалды және эмоционалды тұрақтылықты сезіну, эмоциялық сезімталдық, ұтқырлықты сезінудің интеграцияланған мүмкіндігі ретінде эмпатия, толеранттылық, жоғары эмоционалдық осының бәрі педагогтың оқушаларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қамтамасыз ету. [2, 205 б]

Педагогтың балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудегі кедергілері:

- балаларға деген сүйіспеншілік пен құрметті болмауы немесе оларға қызығушылық танытпау;
- олардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін түсінбеуі;
- эмоционалды салқындық, сезімталдық пен ашықтықтың төмендеуі болуы;
- педагогикалық қызмет тиімділігінің төмендігі;
- кәсіби шарлау, демек эмоционалды шеттету. [3, 112 б]

Орта мектепте баланы психологиялық-педагогикалық қолдау, негізінен, келесі кезеңдерді қамтиді:

1. Диагностикалық (жеке және топтық тестілеу арқылы оқушының дарындылығын анықтау, педагог-психолог баланың нейробиологиялық мәртебесінің шығармашылық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін бағалайды).

2. Ақпараттық (балалар оқитын мектептің ата-аналарына, пән мұғалімдеріне кеңес беру).

3. Дайындық (балаларды оқыту бағдарламасын жасау, жеке сабақтар өткізу, кеңес беру және т.б.).

4. Дамытушы (анықталған дарындылықты қалыптастыру, жәнә тереңдету, баламен және ата – анасымен қосымша сабақ жүргізу). [3, 125 б]

Стелік жағдайларды жеңуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау төзімділікке, яғни объективті (немесе субъективті түрде қабылданған) қиындықтарға қарсы тұруға, сәтсіздіктен бастан кешіруге, нәтижесінде адамның ішкі әлеуетін арттыруға ықпал етеді. [4, 15 б]

Балалармен жұмыс істейтін педагогтар келесі психологиялық-педагогикалық қолдау стратегияларын меңгеруі қажет:

- эмпатиялық есту;
- ілгері жылжу (жетекші мадақтау);
- қателерді қалыпты және қажетті құбылыс ретінде қабылдау;
- кез келген жетістіктерді атап отыру;
- баланың жеке қасиеттеріне назар аудару;
- бұрынғы жетістіктеріне назар аудару;
- жылы сезімдерді білдіру;
- басқаларға көмек көрсету.

Қолдау көрсетуге болатын әрекеттер:

- жеке сөздер арқылы («әдемі», «ұқыпты», «керемет», «тамаша», «алға», «жал астыр»);
- пікір білдіру арқылы («Мен сені мақтан етемін», «Сенің қалай жұмыс жасауың маған ұнайды», «Бұл шынымен прогресс», «Мен сенің көмегің үшін қуаныштымын» т.б.).

- жанасу (иығынан қағу, қолынан ұстау, ақырын баланың иегін көтеру, құшақтау);

- бірлескен іс-әрекеттер (отыру, баланың қасына тұру, жетектеу, онымен ойнау, бірге шәй ішу);

- бет-әлбет келбеті (күлімсіреу, көз қысу, басты ізгеу).

Бірақ «жалған қолдау көрсету» деп аталатын жалған әдістер де бар .

- гиперопека;
- нақты емес стандарттарды енгізу;
- бәсекелестікті ынталандыру.

Бұл әдіс баланың қалыпты дамуына кедергі келтіреді. [4, 18 б]

Педагог, педагог-психологтың балаларға қолдау көрсетуде жиі кездесетін қиынддықтары:

1. Психикалық даму салаларының бірі (көбінесе интеллектуалдық) озық қарқынмен дами алатын дамудың диссинхрониясы, басқа салалар тіпті орта жас ерекшелігінен де арта қалуы мүмкін.

Көптеген балалар аффективтік немесе моторлық саладан артта қалып жатады. Жоғары интеллектуалдық қабілеттері бар бала дене шынықтыру сабақтарында жаттығуларды әрең, епсіз, өте баяу орындауы мүмкін. Құрдастарының мазақ етуінен қорқып, оқозғалмалы ойындарға қатысудан қашады. [5, 42 б]

Көптеген балалар ерте жаста, яғни мектепке дейінгі жаста оқуды меңгеріп алады, алайда хат жазу кезінде елеулі қиындықтарға тап болады. Олар баяу жазыды, әріптерді жазу кезінде қолдарының қозғалысы ыңғайсыз, ал қолжазбасы ретсіз және түсініксіз. Оқушылардың тиімді психологиялық-

педагогикалық қолдау бақылау, бағалау және туындаған мәселелік жағдайды адекватты қабылдау көрсететін педагог баланың өзімен сөйлесіп қана қоймай, оған құлақ асуы да маңызды. Оқушы бақылап, онымен сөйлескенде, оны қандай оқиғалар көбірек қобалжытатынын немесе мазалайтынын түсінуге тырысу керек. [1, 55 б]

Сондықтан қазіргі қиын жағдайға негізделген себептерді талдай білу және түсіну қабілеті балаларға арналған педагог жұмысы үшін өте маңызды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.Қ Жалпы педагогика-Алматы: «Заң әдебиеті», 2006 – 228 б.
- 2 Жұмабаев М. Педагогика-Туркестанское Государственное Издательство-1993 г.
- 3 Мұқашева А.Б, Жұмабекова Қ.Б Дарынды балалар педагогикасы: оқу құралы-Алматы: Қазақ университеті, 2019-130 б.
- 4 Айқынбаева Г.К Жоғары мектеп психологиясы: -Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2018 ж, 220 б.
- 5 Айқынбаева Г.Қ 12 жылдық мектептегі бастауыш сынып оқушысының педагогикалық –психологиялық ерекшеліктері мен оқуға даярлық деңгейін анықтау әдіс-тісілдері: -Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2018 -116 б.

УДК 37.01

### **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ОДАРЕННЫХ И ТАЛАНТЛИВЫХ УЧАЩИХСЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**

Сарханов Владимир Васильевич  
учитель географии  
КГУ «Общеобразовательная школа №23 имени М.Козыбаева  
отдела образования города Костаная»  
E-mail: volodya05.96@mail.ru

Жолдыбек Марат Ануарович  
учитель географии  
КГУ «Школа-гимназия №3  
отдела образования города Костаная»  
E-mail: jol\_marat777@bk.ru

Шершень Жанна Леонидовна  
учитель географии  
КГУ «Общеобразовательная школа №23 имени М.Козыбаева  
отдела образования города Костаная»  
E-mail: janna.shershen@yandex.kz

#### **Андатпа**

Мақалада дарынды балаларды дамытудың психологиялық-педагогикалық жүйесінің ерекшеліктері қарастырылған. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың факторлары мен шығармашыл және дарынды оқушыларды оқытудың принциптері талданады. Оқу орны аясында дарынды оқушылардың интеллектуалдық, ғылыми-зерттеу және тұлғалық әлеуетін ашу және жетілдіру шарттары сипатталған.

**Түйінді сөздер:** дарынды оқушылар, дарындылық, мектеп-отбасы әрекеті, даму диагностикасы.

#### **Аннотация**

В статье обсуждаются особенности психолого-педагогической системы развития одаренных детей. Анализируются факторы организации учебного процесса и принципы обучения творческих и одаренных учащихся. Описаны условия для раскрытия и повышения интеллектуального, научно-исследовательского и личностного потенциала одаренных учащихся в рамках образовательного учреждения.

**Ключевые слова:** одаренные учащиеся, одаренность, взаимодействие школы и семьи, диагностика развития.